



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 Ақпан

2022 жылғы ақпанда жылдық инфляция 8,7% құрады (қаңтарда - 8,5%). Азық - түлік тауарларының бағасы бір жылда 10,0% – ға (қаңтарда - 9,9%), азық - түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы – 8,6% - ға (қаңтарда-8,5%), ақылы қызметтер бағасы -7,1%-ға (қаңтарда-6,8%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 9 өңірде жеделдеді, 3 өңірде баяулады, ал 5 өңірде өзгермеді. Ең көп жеделдеу Түркістан облысында (қаңтарда 8,4% - дан ақпанда 9,2% - ға дейін) тіркелді, ал ең көп баяулау Ақтөбе (9,2% - дан 9,0% - ға дейін) және Атырау (8,7% - дан 8,5% - ға дейін) облыстарында байқалды. Жылдық инфляция 6 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Ақмола облысында тіркелді (9,3%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2021 ақпан – 2022 ақпан), %-бен

Ақмола		Атырау	
Шығыс Қазақстан		Алматы қ.	
Қарағанды		Шымкент қ.	
Түркістан		Қостанай	
Ақтөбе		Павлодар	
Нұр-Сұлтан қ.		Солтүстік Қазақстан	
Батыс Қазақстан		Алматы	
Маңғыстау		Қызылорда	
Қазақстан Республикасы		Жамбыл	

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ақмола (11,7%), Маңғыстау (11,3%), Ақтөбе (11,0%), Түркістан (10,5%), Солтүстік Қазақстан (10,3%) облыстарында, Нұр-Сұлтан қаласында (10,3%), сондай-ақ Қарағанды облысында (10,2%) ел бойынша деңгейден (10,0%) жоғарырақ қарқынмен қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (8,6%) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Ақтөбе (10,2%), Ақмола (10,1%), Қарағанды (9,4%), Атырау (9,3%), Шығыс Қазақстан (9,1%), Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан (8,7% - дан) облыстарында.

Елімізде ақылы қызметтердің бағасы 7,1%-ға өсті, бұл ретте өсім Шығыс Қазақстан (9,0%), Батыс Қазақстан (8,3%), Түркістан (8,0%) облыстарында, Нұр-Сұлтан қаласында (7,6%), Қарағанды облысында және Шымкент қаласында (7,5%-дан), сондай-ақ Алматы қаласында (7,2%) жалпы республикалық деңгейден едәуір жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	10,0	8,6	7,1
Ақмола	11,7	10,1	5,4
Ақтөбе	11,0	10,2	5,2
Алматы	9,7	8,4	6,6
Атырау	9,0	9,3	7,1
Батыс Қазақстан	9,5	8,0	8,3
Жамбыл	9,5	7,9	6,6
Қарағанды	10,2	9,4	7,5
Қостанай	10,0	8,3	6,6
Қызылорда	9,7	8,6	6,3
Маңғыстау	11,3	7,2	6,9
Павлодар	9,9	8,7	6,5
Солтүстік Қазақстан	10,3	8,7	6,0
Түркістан	10,5	8,7	8,0
Шығыс Қазақстан	9,4	9,1	9,0
Нұр-Сұлтан қ.	10,3	8,4	7,6
Алматы қ.	9,8	8,1	7,2
Шымкент қ.	9,9	7,5	7,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы ақпанда елімізде айлық инфляция 0,8% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жж.) ақпандағы инфляцияның орташа мәнінен жоғары. 2022 жылғы ақпанда баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары келесі өңірлерде өсті: Түркістан облысында (1,3%), Нұр-Сұлтан қаласында (1,2%), Қарағанды (1,1%), Шығыс Қазақстан (0,9%), Қызылорда (0,8%), Алматы (0,7%), Қостанай (0,7%), Батыс Қазақстан, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында (0,6%-дан). Ақмола облысы мен Алматы қаласында бағаның өсу қарқыны өзінің орташа тарихи нормасы деңгейінде сақталды. Қалған өңірлерде бағаның айлық өсу қарқыны өзінің орташа нормасын төмен болды. Айлық инфляцияның өсу қарқынының барынша баяулауы Солтүстік Қазақстан (0,7% деңгейіне дейін) және Павлодар (0,6%) облыстарында байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы ақпандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы ақпан айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы ақпанның орташа мәні	Ақпан 2022	Өңірлер	5 жылдағы ақпанның орташа мәні	Ақпан 2022
Қазақстан Республикасы	0,7	0,8	Қостанай	0,5	0,7
Түркістан	0,6	1,3	Солтүстік Қазақстан	1,0	0,7

Нұр-Сұлтан қ.	0,7	1,2
Қарағанды	0,8	1,1
Шығыс Қазақстан	0,8	0,9
Қызылорда	0,7	0,8
Ақмола	0,7	0,7
Алматы	0,4	0,7
Атырау	0,9	0,7

Шымкент қ. ¹	0,8	0,7
Ақтөбе	0,8	0,6
Батыс Қазақстан	0,5	0,6
Жамбыл	0,4	0,6
Маңғыстау	0,5	0,6
Павлодар	0,9	0,6
Алматы қ.	0,6	0,6

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

• ¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)